

**Атырау облысы Индер аудандық білім бөлімінің  
оқушылар шығармашылық орталығы**

# **БАҒДАРЛАМА**

**«Сәулет» үйірмесінің 10-16 жас аралығындағы оқушыларының  
1-2 оқу жылына арналған**

Қосымша білім беру педагогі:  
Кайркулова Жайнар Жанкелдықызы

**Индербор кенті, 2015 жыл**

## Түсіндірме хат.

«Сәулет» құрылыс үйірмесінің бағдарламасы Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында жасалынды.

Негізгі тірек «Сәулеттік өнер» көркем мәдениеттік жалпы адамдық және ұлттық мәдени құндылықтарды қалыптастыру үшін, еңбек құндылығы мен құрылыс саласының негізі жұмыстары арқылы қарастырылды.

«Сәулет» үйірмесі құрылыс туралы қосымша білім беру бағыты оқушыларды материалдық құндылықтардың заманауи өндірісінің негізгі құрылыс үрдістерімен таныстыруға, кейінгі кәсіптік білім алуға және еңбек етуге қажетті дайындықтарын қамтамасыз етуге негізделген.

Адам баласы құрылыс мамандығымен айналысуды сонау көне замандарда бастаған. Алғашқыда өздерін суықтан, ыстықтан және түрлі жыртқыш аңдардан қорғайтын қарапайым баспаналар салуды үйренді. Мұндай құрылыстарды жүргізу үшін олар негізінен табиғи тастар мен ағаштарды, лай топырақтарды пайдаланды. Бертін келе түрлі қорғаныс камалдарын, өндіріс құрылыстарын салуға байланысты құрылыс материалдарының қажеттілігіде арта түсті. Адамдар өздерін қоршаған орта, табиғат құбылыстарын бақылай отырып және күнделікті өмір тәжірибесін жинақтау арқылы, laidan түрлі бұйымдар жасап, оларды күн көзіне кептіріп; тұрмыста, құрылыс жұмыстарына пайдалану дәрежесіне жетті.

Кейінірек от көмегімен күйдіріп дайындалатын керамикалық бұйымдар яғни алғашқы жасанды тастар пайда бола бастады. Сөйтіп отқа күйдіріліп дайындалған алғашқы кірпіштер адамның құрылысшылық қызметіндегі үлкен табыс болды. Біздің заманымызға жетіп отырған тамаша сәулет туындылары, археологиялық қазба жұмыстарында табылып жатқан көптеген қалалар қалдығы, тарихи деректер бағзы замандарда да жер бетінде ғылымы, мәдениеті, құрылысшылық өнері дамыған, гүлденген қалалардың өмір сүргеніне дәлел бола алады.

Құрылыс, сәулет өнерімен шұғылданушылық әрбір халықтың мәдениетін ескеріп жасалады. Сондықтан оқушылардың білімі мен еңбек дағдыларын қалыптастыру мақсатында бағдарламада көпғасырлық халықтық және ұлттық құрылыс, сәулет өнеріне назар аударылды.

Мұғалім бар мүмкіндіктеріне сәйкес бағдарламада ұсынылған жұмыс топтамасын қамтамасыз ететін еңбек нысандарын таңдап алды. Сонымен қатар оқушы жасының шамасына сәйкес еңбек нысанын таңдап, оның қоғамдық және жеке құндылығы ескерілді. Оқушылар орындайтын практикалық жұмыстардың түрлері түсінікті, ұтымды, экологиялық талаптарға сәйкес. Мұғалім жергілікті және жеке эстетикалық қызығушылықтарына сәйкес өзі тапсырмаларының варианттарын қосты.

«Қазіргі заман құрылысы, сәулеттік жоба» кәсіп туралы түсінік, мамандық таңдауға тұлғалық қасиеттердің әсері, аймақтық еңбек нарығы және білім саласында қызмет көрсету туралы мәселелер қарастырылды.

**Бағдарламаның мазмұны:** оқушылардың жеке тұлғасы, отбасы және

қоғамның қажеттіліктерін, қазіргі заманғы педагогикалық ғылымының жетістіктерін ескере отырып жасалған.

**Мақсаты:** сәулет, құрылыс саласында оқушылардың заманауи өндірісте алған білім жүйесінің нәтижелігіне бағытталған, сонымен қатар, технологиялық ойлау қабілетін, құрылысқа деген шығармашылық көзқарасын дамыту болып табылады.

**Міндеттері:**

– сәулет, құрылыс және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімді қалыптастыру;

– құрылыстық материалдармен танысу, жобалау іс-әрекеттерін іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы икемділіктер мен дағдыларын қалыптастыру;

– сәулеттік ойлау қабілетін және еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;

– мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;

– еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті үрдісінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дене және құқықтық тәрбие беру;

– оқушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

Бағдарламаның негізі оқушылардың оқу-тәжірибелік, жобалау іс-әрекетіне байланысты жасалды. Бағдарламада қарастырылған барлық тәжірибелік жұмыс түрлері құрылыс-әрлеу және сәулеттік жобалау операцияларын меңгеруге бағытталған.

Сабақтар ағаш, құрылыс материалдарын өңдеу немесе құрастыру сияқты өткізіледі. Орындау барысында оқушылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етілуіне, санитария мен жеке гигиенасын сақталуына ерекше назар аударылады.

**Пән аралық байланыс:**

Кіріктірілген сипаттағы «сәулет» құрылыс үйірмесі пәнаралық байланыстарды қолдану негізінде құрылды. Есептеу, өлшеу алгебра мен геометриямен, материалдардың қасиеттерінің сипаттамасында химиямен, құрылыс материалдарының механизмдері мен жұмыс істеу принциптерін және құрылымын оқытуда физикамен, сәнді сәулет өнер оқытуда тарих пен өнермен байланыстырылады.

**Үйірмені жүргізу формалары:**

Сабақта қолдан жасалған құрылыстық, сәулеттік жобалар, құралдар мен құрылысқа қатысты заттар қолданылады. Басым әдістер жаттығу, практикалық-оқу жұмыстары, жобалау әдістері. Жобалардың көбі – дербес. Сонымен қатар жоба топ оқушыларымен орындалуына рұқсат беріледі.

Оқушыларымен кәсіби апталық өткізу барысында мақсатқа лайықтылық, кәсіби шешім қабылдау, тренинг сабақтар өткізу, сонымен қатар сана-сезімімен қажеттілік «өңдеу» негізгі және қосымша (ықтималды)

варианттарды таңдау пішін жұмысқа тұру немесе білім беру саласының траекториясы, әмбебап қабілеттерінің дамуы, керекті кәсіптік мобилділік үшін және бәсекеге қабілеттілік.

**Күтілетін нәтиже:**

«Сәулет» үйірмесі оқушылардың өзіндік өміріне, дайындалуға жәрдем етеді, олардың жасампаз және кәсіби тұрғыда өзін-өзі анықталуына мүмкіндік жасайды.

Сабақ өткізу барысында қазіргі заманғы оқыту технологиялары қолданылады, сабақты ұйымдастыру әдістері және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асырылады. Жыл қортындысы бойынша ұсынылған, жұмыстарын жасап және жобаларын қорғау.

**«Сәулет» құрылыс үйірмесінің тақырыптық жоспары**  
**Бірінші оқу жылы**

№	Тақырыптары	Сағат саны	Теория	Практика
1	Кіріспе.	4	4	-
2	Материалдар өңдеу технологиясы.	16	6	10
3	Ағаш өңдеу технологиясы.	16	8	8
4	Тастамалар	6	3	3
5	Сәнді баспананың құпиялары	24	8	16
6	Сәулеттік жобалау негіздері.	24	7	17
7	Тартымды пәтердің құпиясы.	14	7	7
8	Керамикалық материалдар мен өнімдер	8	4	4
9	Үй мәдениеті.	26	12	14
10	Білімді қортындылау	6	-	6
	<b>Барлығы</b>	<b>144</b>	<b>59</b>	<b>85</b>

**Тақырыбы: Сәнді баспананың сырлы құпиялары.**

**Кіріспе сабақ.** Оқушыларды үйірменің жұмыстарымен таныстыру. Жұмыс жоспары және тәртібі. Қауіпсіздік ережелерін таныстыру. Жұмыс кезінде сақтайтын қауіпсіздік ережелері. Жұмыс бастар алдында, жұмыс кезінде, жұмыс аяқталғаннан кейін.

**Материалдар өңдеу технологиясы.** Құрылыс материалдарын таныстыру. Құрылыс материалдарын жіктеу. Құрылыс өнімділігін арттырудың бір жолы құрылыс технологиясына жаңа материалдарды енгізу, жеңіл конструкцияларды қолдану. Құрылысқа қажетті заттар. Металдардың түрлері. Металдардың қасиеттері. Металдардың физикалық, химиялық және механикалық қасиеттері. Физикалық қасиеттері: түр-түсі балқу температурасы, жылу мен электр өткізгіштігі, жылудың әсерінен ұлғаюы т.б. Механикалық қасиеттері: қаттылығы, серпімділігі, беріктігі, иілгіштігі, тұтқырлығы т.б. Металдарының химиялық қасиеттерінің бірі- тоттануға қарсылығы. Тастың түрлері. Топырақтану туралы ұғым. Топырақты өңдеу.

**Ағаш өңдеу технологиясы.** Ағаш материалдары. Ағаш материалдарының қасиеттері. Ағашты өңдеу құралдары. Ағашты көркемдеп өңдеу. Бұйымды көркем безендіру және одан эскиздер дайындау. Ағашты тесу, бұрғылау. Ағаштан жасалатын құрылыс материалдары. Ағаш діңінен көптеген материалдар кесінділерінің өңделуі. Ағаш діңінен алынатын өнім түрлері.

*Тәжірибелік жұмыс.* Ватман, карандаш, ағаш кесінділері, пвх-мен жұмыс.

**Тастамалар.** Тастамалар. Ағаш желімдерінің түрлері. Тастамалардың қасиеттері.

**Сәнді баспананың құпиялары.** Құрылыспен байланысты мамандықтар. Қазіргі заманғы пәтердің құрылымын жоспарлау. Сәнді баспананың ішкі көрінісі(интерьерін) жоспарлауды үйрену. Сәулеттік жобалау және орналастыру. Сәулетшілер ұсынылатын жобалар. Бетон қалай жасалады? Бетонның қасиеттері. Іргетастың орналасу тереңдігі. Іргетасты қолмен қалай құяды-кеңес және жұмыс реті. Жылуды сақтау. Жылуды қамтамасыз ету. Жылуөткізгіштік. Баспананы жылыту. Жылытуды үнемдеудің тиімді әдісі *Тәжірибелік жұмыс.* Сызбаны, суретті және макет сипаттамасын оқу. Материалдарды әзірлеу. Макетті құрастыру, желімдеу, бояу. Жарыстар ұйымдастыру.

**Сәулеттік жобалау негіздері.** Түсқағаз туралы түсінік. Керекті түс қағазды қалай есептейді? Сырлау технологиясы. Майлы бояумен сырлау. Бояуды білікшемен, бояу жаққышпен немесе бүріккішпен бүркіп жағу. Сырлау жұмыстарының технологиясы. Сырлауға арналған құралдар. Пластик подоконникті өз қолыңмен қондыру. Пластикалық бұрышты желімдеу. Терезені әйнектеу технологиясы. Едендік жабындармен жұмыс істеу. Еден күтімі.

*Тәжірибелік жұмыс.* Қағаз, картон, фанер, пвх, жинағын пайдалану арқылы үйдің макетін жасап шығару. Шаблондарды пайдалану арқылы сызып түсіру. Қайшымен қиып алу. Желімдеп жапсыру. Лактау, сырлау жұмыстарын жүргізу. Үлгіні реттеу. Құрастырылған үлгіні пайдаланып, ойын-жарыстар ұйымдастыру.

**Тартымды пәтердің құпиясы.** Тартымды пәтердің құпиясы. Пәтер қабырғасынан дыбыс өткізбейтін материалдар. Пәтерді бөлудің варианттары. Бөлме аралық есіктер. Пәтерді жарықтандыру интерьері. Пәтер интерьері-көгілдір түс. Пәтердегі стеллаждар.

**Керамикалық материалдар мен өнімдер.** Керамикалық материалдар. Керамикалық өнімдер. Шикізат материалдары. Қаптау материалдары.

**Үй мәдениеті.** Қазіргі заманғы пәтердің құрылымын жоспарлау. Үйді, пәтерді сәндеу. Кіреберіс. Кіреберістегі еден. Жуынатын бөлмедегі айнаны жарықтандыру. Жуынатын бөлмені желдету. Жуынатын бөлмедегі тұрбалардың дұрыс жүргізілуі. Ас үйдің едені. Ас үйдің қабырғасы. Шағын дәліз. Шағын дәліздің дизайні. Төбеге арналған ең тиімді нұсқа. Шағын жатын бөлме. Шағын жатын бөлменің дизайні. Қонақ бөлмедегі дизайн. Перделер. Қонақ бөлмеге, жатын бөлмеге, ас бөлмеге қанша розетка қажет.

**Білімді қорытындылау.** Жобаны қорғау. Тест жұмыстары. Экскурсиялар мен жорықтар. Көрме ұйымдастыру.

**«Сәулет» құрылыс үйірмесінің тақырыптық жоспары**  
**Екінші оқу жылы**

№	Тақырыптары	Сағат саны	Теория	Практика
1	Кіріспе.	4	4	-
2	Құрылыс материалдарының негізгі қасиеттері.	18	9	9
3	Табиғи тасты материалдар	16	8	8
4	Керамикалық материалдар мен өнімдер	10	5	5
5	Әйнек материалдар және оның негізі	8	4	4
6	Металлдар	24	12	12
7	Сәндік қолданбалы бұйымдар.	8	4	4
8	Тастамалар	8	4	4
9	Сәулеттік жобалау негіздері	18	6	12
10	Тартымды пәтердің құпиясы.	18	6	12
11	Полимерлік материалдар мен өнімдер	36	12	24
12	Органикалық төсеме	15	5	10
13	Жылуды сақтау.	12	4	8
14	Лактап сырланған материалдар	15	5	10
15	Білімді қортындылау	6	-	6
	<b>Барлығы</b>	<b>216</b>	<b>88</b>	<b>128</b>

**Тақырыбы: Сәнді баспананың сырлы құпиялары.**

**Кіріспе.** Оқушыларды үйірменің жұмыстарымен таныстыру. Жұмыс жоспары және тәртібі. Қауіпсіздік ережелерін таныстыру. Жұмыс кезінде сақтайтын қауіпсіздік ережелері. Жұмыс бастар алдында, жұмыс кезінде, жұмыс аяқталғаннан кейін.

**Құрылыс материалдарының негізгі қасиеттері.** Жалпы жағдайы. Негізгі қасиеттерін классификациялау. Материалдардың жылулық қасиеттері. Материалдардың механикалық қасиеттері. Материалдардың серпімділік қасиеттері. Материалдардың физика-химиялық қасиеттері. Технологиялық қасиеттері. Тұтынушылық (эксплуатация) қасиеттері.

**Табиғи тасты материалдар.** Табиғи тасты материалдар. Магмалық жыныстар. Магмалық жыныс түрлерін классификациялау. Шөгінді тау жыныстары. Шөгінді тау жыныстарының түрлерін классификациялау.

Метаморфикалық жыныстар. Табиғи тастан жасалған материалдар. Табиғи тастан жасалған өнімдер.

**Керамикалық материалдар мен өнімдер.** Керамикалық материалдардың жалпы өндіру схемасы. Кірпіш. Жай қыш бұйымдар. Интерьер қаптау үшін керамикалық бұйымдар. Түрлі мақсаттағы керамикалық бұйымдар.

**Әйнек материалдар және оның негізі.** Әйнектер. Шыныға арналған жалпы схема. Қож балқымалдың материалдары. Қож балқымалдың бұйымдары.

**Металлдар.** Металдардың қасиеттері. Металдардың физикалық, химиялық және механикалық қасиеттері. Физикалық қасиеттері: түр-түсі балқу температурасы, жылу мен электр өткізгіштігі, жылудың әсерінен ұлғаюы т.б. Механикалық қасиеттері: қаттылығы, серпімділігі, беріктігі, иілгіштігі, тұтқырлығы т.б. Металдарының химиялық қасиеттерінің бірі- тоттануға қарсылығы. Шойын. Болат. Болаттың қасиеттері. Өндірістік болаттың қазіргі әдістері. Көміртекті болатты таңбалау. Легирленген болаттар. Түсті металл мен қорытпалар. Дәнекерлеу.

*Тәжірибелік жұмыс.* Сызбаны, суретті және макет сипаттамасын оқу. Материалдарды әзірлеу. Макетті құрастыру, желімдеу, бояу. Жарыстар ұйымдастыру.

**Сәндік қолданбалы бұйымдар.** Фанер және полистирол. Сәндік қолданбалы бұйымдар жасау кезінде қолданылатын ағаш түрлері. Бұйымды көркем безендіру және одан эксиздер жасау. Ағаштан жасалатын құрылыс материалдары.

**Тастамалар.** Шіруден қорғау. Антисептиктерді сіндіру әдістері. Негізгі тастама жыныстары. Ағаш тұқымдары.

**Сәулеттік жобалау негіздері.** Түсқағаз туралы түсінік. Керекті түс қағазды қалай есептейді? Сырлауға арналған құралдар. Сырлау жұмыстарының технологиясы. Терезені әйнектеу технологиясы. Едендік жабындармен жұмыс істеу. Еден күтімі.

**Тартымды пәтердің құпиясы.** Тартымды пәтердің құпиясы. Керамикалық материалдардың жалпы өндіру схемасы. Ішкі өңдеулік бұйымдар. Қабырғалық және тыстаулық керамикалық бұйымдар. Кірпіш не керамикалық тастардан құралған ірі панельдер. Тыстаулық керамикалық бұйымдар.

**Полимерлік материалдар мен өнімдер.** Полимерлік материалдар. Полимерлік өнімдер. Полимердің жалпы сипаттамасы. Пласстмасадан жасалған негізгі қасиеттер. Құрылыс және әрлеу материалдары. Еденге арналған материалдар. Оқшаулағыш материалдар. Сантехникалық өнімдер. Бетондар және бетонтану. Бетон қоспасының қасиеттері. Бетонның қатаюы мен беріктігі. Бетон технологиясының полимерлеу кезінде қолданылуы.

*Тәжірибелік жұмыс.* Қағаз, картон, фанер, ПВХ, жинағын пайдалану арқылы үйдің макетін жасап шығару. Шаблондарды пайдалану арқылы сызып түсіру. Қайшымен қиып алу. Лобзикпен аралау. Желімдеп жапсыру. Лактау, сырлау жұмыстарын жүргізу. Үлгіні реттеу. Құрастырылған үлгіні пайдаланып, ойын-жарыстар ұйымдастыру.



**Органикалық төсеме.** Органикалық төсеме. Қатты тұтқыр битумдарды сипаттау. Шайыр. Шайыр бетон. Орама материалдар. Шайыр бетон орама материалдар.

**Жылуды сақтау.** Жылуды сақтау. Жылуды қамтамасыз ету. Жылуөткізгіштік. Баспананы жылыту. Жылытуды үнемдеудің тиімді әдісі.

**Лактап сырланған материалдар.** Лактап сырланған материалдар. Пигменттер. Бояулар құрамы. Бояуды білікшемен, жаққышпен, бүріккішпен бүркіп жағу. Майлы бояулар ішкі және сыртқы әрлеу және жөндеу жұмыстары.

**Білімді қортындылау.** Тест жұмыстары. Жобаны қорғау. Экскурсиялар мен жорықтар.

## **Оқу тақырыбының мазмұны мен сағат санының көлемі**

«Сәулет» үйірмесіндегі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, қол ептілігін дамыту, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Бірінші оқу жылында әр топқа аптасына 4 сағаттан, жылына 144 сағат беріледі. Оқушылар жылдың басында оқу-тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес қолданылатын құрал-жабдықтармен таныстырылып, шығармашылық жұмыстармен жұмыстанады. Бірінші жылы үйірмеде балалар теориялық және тәжірибелік білім алып, түрлі макеттер сызбаларын сызып, қолмен жасап үйренеді.

Екінші оқу жылына қатысушы әр топқа аптасына берілген уақыт 6 сағаттан жылына оқу мерзімі 216 сағат, олар теориялық және тәжірибелік шығармашылық жұмыстар жасап, шындалады.

- Оқушылар түрлі көрме – байқауларға даярланады, қатысады, білімдерін шыңдайды.
- Шығармашылық жұмыстарының түрлері, көлемі үлкейеді, көлемді жұмыстар орындайды.
- Өздері орталықта шығармашылық көрмелерін өткізеді, шындалады.
- Көлемді үлгілердің бөлек бөлшектерінің жұмыс сызбасын, эскизін, техникалық суреттерін орындау.

Әр топта 10-15 оқушыдан, 5 сыныптан жоғары оқушылар қамтылады. Оқушылар шығармашылығы орталығында белгіленген оқу-тәрбие жоспары бойынша әр сабақ 45 минуттан тұратын 2 немесе 4 академиялық сағат жүргізіледі.

## **Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау**

Алғаш рет үйірмеге қатынасқан оқушыға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Мақтау, мадақтау арқылы оқушының өзіндік жұмысына тез үйренісіп кетуін қадағалап отыру керек. Оқушының жетістігін бағалау кезінде шығармашылық жұмыстарын, жетістігін газет-журналдарға жариялаған дұрыс. Оқушының шығармашылық жұмыстарына көрме ұйымдастырып, ата-аналарына, сыныптастарына көрсету. Оқушының өнерінің еңбегі, жетістігі халықаралық, республикалық, облыстық, аудандық көрме байқауларына қатысу болмақ.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Өстеміров, Б.Қалназаров, Г.Шымекеева, М.Ырсымбетов. «Ауылшаруашылық технологиясы» - оқулық, Алматы - «Атамұра», 2002ж - 72бет
2. Н.Адамқұлов, А.Копнинов. «Конструкциялық материалдарды өңдеу технологиясы» -оқулық, Алматы - «Атамұра», 2002ж
3. А. Калназаров, «Ағаш өңдеу технологиясы» - оқулық, Алматы – «Атамұра», 2001ж – 24бет
4. Ю.Моряков, Г.Жарымбетова, А.Халендеров. «Сәндік қолданбалы өнердің элементтері,көркемдеп өңдеу» - оқулық, Алматы – «Мектеп», 2013ж – 135бет
5. Е.Ермилова, И.Товченик. «Кәсіби қызмет салаларының технологиясы» – оқулық, Алматы – «Мектеп», 2012ж - 76бет
6. Қ.Халықов, С.Қырықбаева, Т.Садырбеков. «Шаруашылық негіздері» - оқулық, Алматы – «Жазушы», 2007ж – 61-89бет
7. К.Өстеміров, О.Сыздықов, Н.Адамқұлов, М.Велижанина, М.Ырсымбетов.«Үй мәдениеті» - оқулық, Алматы – «Мектеп баспасы», 2004ж – 256-266бет
8. С.Асанова, Д.Әлмағанбетова, Т.Әміреева, А.Копнинов.«Қазіргі заманғы пәтердің құрылымын жоспарлау».
9. Е.Ермилова, Н.Адамқұлов, И.Товченник «Үй мәдениеті тұрмыстық техника» - оқулық, Алматы – «Мектеп» 2009ж – 81-91бет
10. С. Бекболдинов, Д. Қазақбаева «Бағдарлы мектеп» - журнал
11. «Жылумен қамтамасыз ету» - журнал
12. Интернет материалдары.